

«Волейбол» үйірмесінің 2022-2023 оқу жылында

жүргізілген жұмыстары бойынша жылдық талдау.

2022-2023 оқу жылының I- тоқсанынан бастап «Волейбол» үйірмесі аптасына екі сағат жоспарға сәйкес өтілді. Үйірмеге 5-7, 8-9 сыныптар арасынан оқушылар қамтылды. Кестеге сәйкес оқушылар әр сейсенбі бейсенбі, жұма күндері үйірмеге қатысады.

Үйірме жұмысының мақсаты оқушыларға волейбол ойынының ережесін үйрету. Оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу. Волейбол ойынына деген қызығушылығын арттыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Волейбол үйірмесі осы ойын түрінен мектеп командасын құруға негізделген. Үйірмеде оқушылардың Мектеп лигасы ойындарында бәсекелестік туғыза алатын команда қалыптастыруға басты назар аударылған. Волейбол үйірмесі волейбол сабағына және үйірмеге арналған жоспар

тиянақты жазылған, оқушыларға берілетін теориялық білім негізі, тактикалық, техникалық дайындықтарды жүргізу, олардың құрамы, жалпы дене құрылымын дамыту, арнайы дамыту, волейболшыларға қандай қозғалыс қабілеттері қажет, барлығы оқушыларға түсіндіріліп отырады. Үйірме жоспарына сәйкес ең алғаш волейбол ойынының шығу тарихы туралы түсініктен басталды.

Волейбол ойынында қолданылатын әдіс-тәсілдер түрлері, допты ойынға қосу тәсілдері. Допты ойынға жоғарыдан қосу әдістері үйретілді.

Үйірме аптасына екі рет сабақтан тыс уақытта өткізіледі. Үйірме жұмысы дәріс, ойын, жарыс, әдістері қолданылады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп ішілік жарыс өткізіліп тұрады. Оқушылар мектепшілік, аудандық жарыстарға қатысып жүлделі орындар иеленді.